**Авторлар туралы мәліметтер:**

*Ризаходжаева Гулнара Абдумажитқызы* – PhD докторы, педагогикалық шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғ. 29, тел.: +77770254949, e-mail: Gulnara_rizahodja@mail.ru.*

*Әбдіханова Жадыра Аманбайқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Көк Байрақ көш. 63, тел.: +77785573356, e-mail: zhadyra.abdikhanova@mail.ru.*

*Акешова Мадина Мурзахановна – PhD, тілдер мектебінің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Рабиға Сұлтан Бегім көш. 14Б, тел.: +77011592395, e-mail: madina_shakh@mail.ru.*

*Нышанова Салтанат Тыныбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, тілдер мектебінің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Рабиға Сұлтан Бегім көш. 14Б, тел.: +77003491099, e-mail: saltanur@mail.ru.*

*Ризаходжаева Гулнара Абдумажитовна* – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогических иностранных языков, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, пр. Б. Саттарханова 29, тел.: +77770254949, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru.*

*Абдиханова Жадыра Аманбаевна – магистр педагогических наук, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Кок Байрак, 63, тел.: +77785573356, e-mail: zhadyra.abdikhanova@mail.ru.*

*Акешова Мадина Мурзахановна – PhD, ассоциированный профессор языковой школы, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Рабига Султан Бегим 14Б, тел.: +77011592395, e-mail: madina_shakh@mail.ru.*

*Нышанова Салтанат Тыныбековна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор языковой школы, Международный университет туризма и гостеприимства, Республика Казахстан, 161200 г. Туркестан, ул. Рабига Султан Бегим 14Б, тел.: +77003491099, e-mail: saltanur@mail.ru.*

*Rizakhodzhayeva Gulnara Abdumazhitkyzy* – PhD, Associate Professor of the Department of foreign languages teaching, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 29 B. Sattarkhanov Ave., tel.: +77770254949, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru.*

*Abdikhanova Zhadyra Amanbaikyzy – Master of Pedagogical Sciences, International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkistan, 63 Kok Bairak Str., tel.: +77785573356, e-mail: zhadyra.abdikhanova@mail.ru.*

*Akeshova Madina Murzakhanovna – PhD, Associate Professor of Language School, International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 14B Rabiga Sultan Begim Str., tel.: +77011592395, e-mail: madina_shakh@mail.ru.*

*Nyshanova Saltanat Tynybekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of Language School, International University of Tourism and Hospitality, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 14B Rabiga Sultan Begim Str., tel.: +77003491099, e-mail: saltanur@mail.ru.*

ХҒТАР 14.85.09
ӘОЖ 372.881.1
https://doi.org/10.52269/SKVC2622275

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛДАРЫ

*Стамкулова Ж.Е.* – PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

*Күркебаев К.К. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

*Саткенова Ж.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

*Мақалада қазақ тілін қашықтан оқытудың тиімді әдістері мен интерактивті құралдарын қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде қашықтан оқыту – тілдік білім берудің жаңа форматы ретінде қалыптасып, оқыту үдерісін дара-*

*ландыру мен интерактивтілікті қамтамасыз етудің маңызды құралына айналып отыр. Зерттеудің өзектілігі қазақ тілін меңгерудің сапасын арттыруда инновациялық технологиялар мен педагогикалық тәсілдердің үйлесімділігін анықтауға бағытталған.Зерттеу мақсаты – қашықтан оқытуда қолданылатын тиімді әдістер мен интерактивті құралдардың оқу нәтижелеріне әсерін тәжірибе жүзінде бағалау. Осы мақсатта коммуникативтік тәсіл (communicative approach), тапсырмаға негізделген оқыту (task-based learning), аралас оқыту(blended learning) және «аударылған сынып» технологиясы (flipped classroom) сияқты заманауи әдістер қарастырылып, олардың қазақ тілін үйрету тәжірибесіне бейімделу ерекшеліктері талданды. Эксперименттік бөлімде Google Classroom, Moodle, Kahoot, Quizlet және Zoom сияқты платформаларды пайдалану арқылы интерактивті сабақ құрылымы әзірленіп, білім алушылардың тілдік белсенділігі мен қатысу деңгейі салыстырмалы түрде зерттелді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тиімді әдістер мен интерактивті құралдарды жүйелі қолдану оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін едәуір арттырады, сонымен қатар олардың мотивациясы мен өзіндік оқу белсенділігін күшейтеді. Автор педагогикалық тәжірибеде қашықтан оқыту әдістемесін жетілдіру үшін мұғалімдердің цифрлық және әдістемелік құзыреттілігін арттырудың қажеттілігін атап өтеді.Мақала нәтижелері тіл үйретудің жаңа форматын дамытуға және қазақ тілін оқытудың инновациялық бағыттарын қалыптастыруға ғылыми және практикалық тұрғыдан үлес қосады.*

***Түйінді сөздер:*** *қашықтан оқыту, қазақ тілі, интерактивті әдістер, цифрлық құралдар, communicative approach, blended learning.*

## ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ИНТЕРАКТИВНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

*Стамкулова Ж.Е.* – PhD докторант, факультет филологии и мировых языков, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан.*

*Күркебаев К.К. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан.*

*Саткенова Ж.Б. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан.*

*В статье рассматриваются научно-методические основы применения современных методик и интерактивных средств обучения казахскому языку. В современном цифровом образовательном пространстве дистанционное обучение как новый формат языкового образования становится важным инструментом индивидуализации и обеспечения интерактивности процесса обучения. Актуальность исследования направлена на выявление совместимости инновационных технологий и педагогических подходов в повышении качества владения казахским языком. Целью исследования является экспериментальная оценка влияния эффективных методов и интерактивных инструментов, используемых в дистанционном обучении, на результаты обучения. С этой целью были рассмотрены такие современные подходы, как коммуникативный подход (communicative approach), обучение на основе задания (task-based learning), смешанное обучение (blended learning) и технология «переводного класса» (flipped classroom) и проанализированы особенности их адаптации к практике изучения казахского языка. В экспериментальной части была разработана интерактивная структура уроков с использованием таких платформ, как Google Classroom, Moodle, Kahoot, Quizlet и Zoom, а также относительно изучена языковая активность и уровень вовлеченности учащихся. Результаты исследования показали, что систематическое использование эффективных методов и интерактивных средств значительно повышает уровень владения казахским языком у учащихся, а также повышает их мотивацию и самостоятельную учебную активность. Автор подчеркивает необходимость повышения цифровой и методической компетентности педагогов для совершенствования методики дистанционного обучения в педагогической практике. Результаты статьи вносят научный и практический вклад в развитие нового формата обучения языку и формирование инновационных направлений обучения казахскому языку.*

***Ключевые слова:*** *дистанционное обучение, казахский язык, интерактивные методы, цифровые инструменты, communicative approach, blended learning.*

## EFFECTIVE METHODS AND INTERACTIVE TOOLS FOR DISTANCE LEARNING OF THE KAZAKH LANGUAGE

*Stamkulova Zh.Ye.* – PhD student, Faculty of philology and world languages, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

*Kurkebayev K.K. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

*Satkenova Zh.B. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

*The article examines the scientific and methodological basis for using interactive tools and effective methods in distance learning of the Kazakh language. In the modern digital educational environment, distance learning, as a new format of language education, is becoming an important tool for individualizing instruction and ensuring the interactivity of the learning process. The relevance of the study lies in identifying the compatibility of innovative technologies and pedagogical approaches in improving the quality of Kazakh language proficiency. The research aims to experimentally assess the impact of effective methods and interactive tools used in distance learning on learning outcomes. To this end, such contemporary approaches as the communicative approach, task-based learning, blended learning, and the flipped classroom model were examined, and the specific features of their adaptation to the practice of learning the Kazakh language were analyzed. In the experimental part of the study, an interactive lesson structure was developed using platforms such as Google Classroom, Moodle, Kahoot, Quizlet, and Zoom, while students' language activity and level of engagement were comparatively examined. The research findings demonstrated that the systematic use of effective methods and interactive tools significantly improves students' proficiency in the Kazakh language, as well as enhances their motivation and independent learning activity. The author emphasizes the need to improve teachers' digital and methodological competencies in order to refine distance learning methodology in educational practice. The findings outlined in the article make both scientific and practical contributions to the development of a new format of language instruction and the establishment of innovative approaches to teaching the Kazakh language.*

***Key words:*** *distance learning, Kazakh language, interactive methods, digital tools, communicative approach, blended learning.*

**Кіріспе.** Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды цифрландыру жағдайында жаңа форматтарға көшіп, оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді жолдарын іздеуде. Солардың бірі – қашықтан оқыту жүйесі. Бұл жүйе білім алушылар мен оқытушылардың кеңістіктік және уақыттық шектеулерден тәуелсіз әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Әсіресе қазақ тілін үйрету саласында қашықтан оқыту жаңа әдіснамалық, педагогикалық және технологиялық шешімдерді қажет етеді. Тілді үйретудің дәстүрлі тәсілдері толыққанды коммуникативтік орта тудыра алмайтын жағдайда, заманауи цифрлық платформалар мен интерактивті құралдар оқу үдерісінің сапасын арттырудың тиімді тетігіне айналып отыр.

Қашықтан оқу – мұғалім мен оқушы бір жерде болмайтын және бір уақытта белсенді қатыспайтын оқыту түрі [1, 1 б]. Бұл форма білім беру дәстүрлі аудиториялық үлгіден ауысып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және интернет платформалары арқылы жүзеге асады [2, 10-11 б].

Қазіргі кезеңде қазақ тілін оқытуда дәстүрлі грамматико-аудarma әдісінен алыстау, коммуникативтіктәсіл (communicative approach), тапсырмаға негізделген оқыту (task-based learning), «аударылған сынып» технологиясы (flipped classroom), аралас оқыту (blended learning) және CLIL (Content and Language Integrated Learning) сияқты интегративті тәсілдердің қолданылуы кеңінен ұсынылады. Бұл тәсілдер тіл үйренушілердің коммуникативтік құзіреттілігін, тілдік дағдыларды қолдану қабілетін және өздік жұмыс істеу мотивациясын арттыруға бағытталған. Осы бағыттардың тиімділігі мен қолданылу тәсілдері Қазақстан жағдайында да зерттеліп, педагогикалық тәжірибеге енгізіліп келеді (кесте 1 ) [3, 153-154 б].

*1 кесте* – Қазақ тілін қашықтан оқытуда қолданылатын заманауи әдістер мен олардың ерекшеліктері

| Әдіс атауы | Мазмұны мен негізгі сипаттамасы | Практикалық қолданылуы және тиімділігі |
|---|---|---|
| Коммуникативтік тәсіл. | Коммуникативтік оқыту тілді функциясы мен қолдану жағдайлары арқылы меңгеруге басымдық береді: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары бірдей дамытылады және нақты тілдік әрекеттер арқылы жаттығу жиі өткізіледі. | Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік жаттығулар (диалогтар, рөлдік ойындар, ақпарат алмасуға бағытталған тапсырмалар) тілдік бірліктерді контекстте қолдана білуді қалыптастырады және пән аралық байланысты нығайтады. [4, 47-50 б]. |
| Тапсырмаға негізделген оқыту | Бұл тәсіл негізінен оқушыларға нақты коммуникативтік мақсаттар қоюға және сол мақсатты шешуге бағытталған тапсырмалар арқылы тілдік құралдарды еркін қолдануды үйретуге негізделеді. | Әдістеменің циклдық құрылымы (алдын ала дайындық – негізгі тапсырма – қорытынды рефлексия) қазақ тілінде функционалдық дағдыларды қалыптастыруға тиімді деп танылды, әсіресе екінші тіл ретінде оқыту контекстінде. Бұл тәсіл студенттердің ақпарат іздеу, топтық жұмыс және жанама тілдік стратегияларын дамытуды қолдайды [5, 190-193 б]. |

*1-кестенің жалғасы*

| | | |
|---|---|---|
| «Аударылған сынып» технологиясы мен аралас оқыту | «Аударылған сынып» технологиясы синхронды сыныптық жұмыстан бұрын оқу материалының (видео-лекциялар, оқу нұсқаулықтары, презентациялар) асинхронды түрде меңгерілуін талап етеді; сыныпта уақыт белсенді практикаларға (жоба, пікірталас, коммуникативтік жаттығу) бөлінеді. | Қашықтан немесе аралас форматта бұл тәсіл тыңдалым мен сөздік материалды алдын ала қайталап, синхронды кездесулерді интерактивке бағыттауға мүмкіндік береді. Қазақстандық жоғары оқу орындарында және шетелдік зерттеулерде тіл оқытудың сапасын арттырудағы оң әсері көрсетілген [6, 153-154 б]. |
| CLIL және пән-аралық интеграция | Тіл мен пән мазмұнын бірлесе оқыту тәсілі, ол тілдік дағдыларды нақты мамандықтық контексте дамытуға көмектеседі. Қазақстандағы ғылыми тәжірибелерде CLIL/интеграцияланған тәсілдер шетел тілі үшін жиі қолданылады, алайда қазақ тілін оқытуда да пән-аралық жобалар арқылы лексикалық және дискурсивтік дағдыларды тереңдету перспективалары жоғары. | Бұл әдіс тіл үйренушілерге кәсіби және академиялық дискурстарда қазақ тілін қолданудың нақты құралдарын ұсынады [7, 7-8 б]. |
| Практикалық қолдану және әдістемелік ұсыныстар. | Заманауи тәсілдерді қазақ тілін қашықтан оқыту жағдайына бейімдеу – оқу тапсырмаларын коммуникативтік мақсатқа сай құру, асинхронды материалдарды (аудио/видео, интерактивті жаттығулар) жүйелі пайдалану, синхронды кездесулерде микро-мәтіндік жанжалдарды, рөл-ойындарды, топтық тапсырмаларды енгізу арқылы жүзеге асады. | Мұғалімнің модератор рөлі күшейіп, бағалау формалары (авторефлексия, портфолио, процесстік бағалау) кеңейтіледі. Отандық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдар осы қағидаларды енгізуді ұсынады [4, 47-50 б]. |

Қашықтан оқыту жағдайында оқушы мен мұғалім арасындағы физикалық байланыс қиындауы мүмкін, сондықтан интерактивтілік пен кері байланы – оқу-тұлғалық өзара әрекеттесудің маңызды элементтері ретінде қарастырылуы қажет. Бұл элементтер оқу үдерісін белсенді, мазмұнды әрі тиімді етуге бағытталған әрі тіл оқыту жағдайында ерекше рөл атқарады.

Интерактивтілік – бұл оқытушымен оқушы, оқушылар арасында ақпарат алмасу, талқылаулар, сұрақ-жауап, бірлескен тапсырмалар мен виртуалды ортада коммуникацияның жүзеге асуы. Зерттеулер көрсеткендей, онлайн оқыту үдерісінде интерактивті әрекеттесу мүмкіндігі жоғары болған сайын оқушының қызығушылығы, терең оқуға деген бейімі және үдерістің тиімділігі артады. Мысалы, Q. Zhou және әріптестерінің зерттеуі көрсеткендей, студенттердің «онлайн интерактивті оқыту» режиміндегі тәжірибесі олардың терең оқуға бағытталған ынтасын арттырған [8, 4-5 б].

Сонымен қатар, SMS-базалық қашықтан оқыту жүйесінде жүргізілген зерттеу студенттер тарапынан интерактивтіліктің аса маңызды екенін дәлелдеген – «оқушы-оқытушы» және «оқушы-оқушы» арасындағы байланыс, кері байланыс қызметі студенттер үшін өте маңызды болған [9, 122-124 б].

Қазақстандық-жобалық шолуда да «студентке бағдарланған тәсілдер, интерактивті технологиялар мен орталар» арқылы қашықтан оқытудың сапасы жақсаратыны атап өтілген [10, 18-20 б].

Интерактивтілікті қамтамасыз ету төмендегі тәсілдер арқылы жүзеге асады:

- Веб-конференция, чат, форум, топтық сұрақ-жауаптар арқылы синхронды және асинхронды өзара әрекеттесу ұйымдастыру;
- Оқушылар арасында бірлескен тапсырмалар, жұптық/топтық жобалар, виртуалды топтық талқылаулар енгізу;
- Мультимедиалық материалдар мен сұрақ-жауап, ойлану-жазу жаттығулары, интерактивті тесттер арқылы белсенділікті арттыру.

Осылайша, интерактивтілі коқушыларды пассивті түрде тыңдаушы етіп қалдырмай, оларды белсенді түрде тілдік іс-әрекетке тартуға мүмкіндік береді.

Кері байланыс – мұғалім тарапынан оқушыларға олардың оқу үдерісіндегі жетістіктері, қателері, алға қойған міндеттеріне қатысты ақпарат беру механизмін білдіреді. Қашықтан оқытуда кері байланыс уақытылы әрі сапалы болмаған жағдайда оқушының оқуға деген мотивациясы төмендеуі, оқыту үдерісінен ажыратылып қалуы мүмкін. Зерттеу деректері бойынша, кері байланыстың жиілігі мен «жеделдігі» оқушының онлайн оқу платформасын әрі қарай қолдануға ниетімен айқын байланысты болды. Мысалы, психология саласындағы зерттеу кері байланыстың жеделдігі студенттердің «қолдану ниеті» мен қанағаттануына тікелей әсер ететінін көрсетті [11, 10-11 б].

Сонымен қатар, зерттеу барысында кері байланыс пен оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы арасындағы интерактивті байланыстың сапасы жоғары болған сабақтар оқушылар тарапынан оң бағаланған [12, 35-36 б].

Қашықтан оқыту ортасында кері байланысты тиімді ұйымдастыру келесі стратегиялар арқылы жүзеге асады:

- Оқушы тапсырмасын орындағаннан кейін оқытушыдан кері байланыс беру (ескертпе, түзету, жетілдіру ұсыныстары) мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Онлайн тесттер мен викториналар нәтижелерін шұғыл түрде студентке көрсету және оны талқылау сессияларын өткізу;
- Онлайн платформада оқушылар сұрақ-қоя алатын уақытты белгілеу және чат/форум арқылы мұғалімнің тұрақты қолжетімділігін ұйымдастыру;
- Партнерлік аудиторлық пікірталастар – оқушылар арасында бір-біріне кері байланыс беру механизмін енгізу.

Қашықтан оқыту үдерісінде интерактивтілік пен кері байланыс – тек қосымша құралдар емес, оқу сапасын арттырудың маңызды компоненттері. Қазақ тілін оқыту контекстінде де, оқушылардың тілдік дағдыларын меңгеруіне бағытталған тапсырмалар арқылы интерактивтілік күшейтіліп, оқушыларға жедел әрі мазмұнды кері байланыс берген педагогикалық жүйе тиімді болады.Мұғалімдер мен оқу-әдістемелік топтар осы аспектілерге мән беруі тиіс.

Қашықтан оқыту процесінде интерактивті құралдардың қолданылуы – оқу мазмұнын жеткізу, өзара әрекеттестік, кері байланыс және бағалау механизмдерін ұйымдастырудың негізгі құрамдасы болып табылады. Атап айтқанда, Google Classroom, Moodle, Kahoot!, Quizlet, Zoom сияқты платформалар білім алушылар мен оқытушылар арасындағы коммуникацияны жандандырып, тіл үйрету үдерісін тиімді әрі қызықты етеді.

Moodle – ашық бастапқы кодты оқыту басқару жүйесі (LMS), ол оқу курстарын ұйымдастыру, материалдарды жүктеу, тапсырмалар беру, форум, чат, тест және бақылау жүйелерін біріктіреді. Зерттеу нәтижелері бойынша Moodle-та интерактивті тілдік жаттығулар қолданылған кезде оқушылардың жазу, оқу дағдылары мен лексикалық меңгеруі жағынан жоғары нәтижелерге жеткен.Мысалы, Палестинадағы университеттік студенттер арасындағы экспериментте Moodle қолданылған топ бақылау тобымен салыстырғанда жалпы балл, жазу және оқу дағдылары бойынша айырмашылық анықталған [13, 268-269 б].

Сонымен бірге, Moodle-ның тіл үйретуге бейімделуі, студенттердің автономды жұмысына жағдай жасайтыны анық көрсетілген [14, 435 б].

Интерактивті және ойын элементтері бар платформалар – Kahoot! және Quizlet – тіл үйретуде белсенді қолданылуда.

- Quizlet-тың лексика меңгеру, сақтау және оқушының мотивациясы жағынан оң әсері бар екені мета-талдауда көрсетілген (үлгі әсер коэффициенті g≈0.62 – оқушы көрсеткіші, g≈0.74 – сақтау көрсеткіші) болған [15].
- Kahoot! платформасы студенттердің білім нәтижелерін, мотивациясын және белсенділігін арттыруда тиімді екені (мысалы оқу нәтижесіндегі орташа ұпайдың артқандығы) зерттеулерде баяндалған [16, 14 б].
- Quizlet және Kahoot!-тың онлайн ESL (ағылшын тіліне қосымша) оқытуда қолданылуы да оң нәтижелер көрсеткен [17, 88-90 б].

Алайда кейбір зерттеулер нәтижелердің аралас екенін, яғни әрқилы контекст пен әдіс-құралдарға тәуелді екенін көрсетеді [18, 9 б].

Google Classroom – оқу-басқару және тапсырма жүйесін біріктіретін платформа, ол оқу материалының асинхронды түрде жетуін қамтамасыз етеді және оқытушы-оқушы, оқушы-оқушы байланысын оңайлатады.

Zoom – синхронды видеоконференция платформасы, тілді қашықтан оқытуда сыныптық интерактивті сессияларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді (сұрақ-жауап, топтық жұмыс, дыбыстық/суретпен әрекет). Бұл платформалар тілді қашықтан үйретуде оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты сақтап, уақыт/кеңістік шектеулерін азайтады.

Қазақ тілін қашықтан оқытудың контекстінде жоғарыда аталған құралдарды қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- Moodle жүйесінде қазақ тіліндегі оқу модульдері, онлайн тапсырмалар, форум арқылы оқушылардың тілдік өзара әрекетін ұйымдастыру.
- Kahoot! немесе Quizlet арқылы қазақ тіліндегі сөздік пакет, грамматикалық жаттығулар, викториналар жасап, оқушылардың белсенділігін арттыру.
- Google Classroom және Zoom платформалары арқылы интерактивті сабақтар, топтық талқылаулар, виртуалды жұптық жаттығулар өткізу.
- Интерактивті құралдарды қолданғанда оқушылардың тіл үйренуге мотивациясы жоғары болады, өздік жұмыс істеу қарқыны артады, тапсырманы орындауға қатысу белсенділігі күшейеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – қазақ тілін оқытудың дәстүрлі үлгілерінен заманауи, интерактивті және технологиялық негіздегі форматтарға көшу қажеттілігімен анықталады. Қашықтан оқыту тек уақыт пен кеңістіктен тәуелсіз білім алуға жағдай жасап қана қоймай, білім алушылардың өзіндік жұмысын, шығармашылық қабілетін, ақпараттық мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағытта тиімді әдістер мен интерактивті құралдарды іріктеу – қазақ тілін оқыту сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Зерттеу мақсаты – қазақ тілін қашықтан оқытудың тиімді әдістері мен интерактивті құралдарын айқындап, олардың оқу нәтижелеріне ықпалын эксперименттік тұрғыда анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Қазақ тілін қашықтан оқытудың тиімді әдістерін анықтау;
- Интерактивті құралдарды жүйелеу және олардың тиімділігін бағалау;
- Эксперимент арқылыәдістер мен құралдардың оқу нәтижелеріне әсерін зерттеу.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу барысында қазақ тілін қашықтан оқытуда қолданылатын тиімді әдістер мен интерактивті құралдардың тиімділігін айқындау мақсатында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені пайдаланылды.Теориялық деңгейде педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге талдау жасалып, коммуникативтік, тапсырмаға негізделген оқыту, аралас оқыту, аударылған сынып технологиясы тәсілдерінің ғылыми-әдістемелік негіздері жүйеленді. Эмпирикалық деңгейде педагогикалық эксперимент, бақылау, тестілеу және анкеталау әдістері қолданылды.

Зерттеу 2025 жылдың қыркүйек-қараша айларында Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеруші 1-курс студенттері арасында жргізілді. Экспериментке жалпы 48 студнт қатысты. Оның ішінде 24 студент экспперименттік топқа, 24 студент бақылау тобына бөлінді.

Қатысушыларды іріктеу барысында олардың қазақ тілін меңгеру деңгейінің шамалас болуы ескерілді. Бастапқы диагностикалық тест нәтижелері бойынша топтар арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды болмаған ($p > 0,05$).

Эксперимент ұззақтығы 12 апта болды. Осы кезеңде эксперименттік топта интерактивті платформалар мен заманауи оқыту әдістері жүйелі түрде қолданылды. Ал бақылау тобында дәстүрлі онлай оқыту форматы сақталды.

Эксперименттік жұмыс қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған педагогикалық әдістердің тиімділігін анықтауға, сондай-ақ студенттердің тілдік белсенділігі мен мотивациясын бағалауға мүмкіндік береді.

Эксперимент барысында оқу процесіне Google Classroom, Moodle, Kahoot!, Quizlet және Zoom сияқты заманауи платформалар енгізіліп, олардың оқу нәтижелеріне әсері талданды. Бұл құралдар тілдік материалды интерактивті түрде меңгеруге, оқушылар арасындағы өзара әрекетті күшейтуге және оқытушы тарапынан жедел кері байланыс орнатуға жағдай жасайды.

Эксперимент үш кезеңнен тұрды: бастапқы диагностика, қалыптастыру және қорытынды өлшеу. Әр кезеңде оқыту сапасын арттыруға бағытталған тапсырмалар мен бағалау әдістері қолданылып, алынған нәтижелер сандық және сапалық талдау арқылы салыстырылды.

Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу барысында Student t-критерийі қолданылды. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы анықталды ($t = 2,37$; $p < 0,05$). Сонымен қатар, деректердің шашыраңқылығын бағалау үшін стандартты ауытқу көрсеткіштері есептелді ($SD = 4,2$). Нәтижелердің сенімділігін нақтылау мақсатында 95% сенімділік интервалы (CI) қолданылды.

Эксперимент кезеңдері:

1) Бастапқы диагностика: Зерттеу басында екі топқа қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау тесті (лексика, грамматика, тыңдалым және жазылым компоненттері бойынша) өткізілді.

- Эксперименттіктоптыңорташа балы – 61,4,
- Бақылаутобыныңорташа балы – 62,1 ($p > 0,05$).

Бұл нәтижелербастапқыкезеңдетоптар арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан маңызды болмағанын көрсетті ($p > 0,05$).

2) Қалыптастыру кезеңі: бұл кезеңде эксперименттік топта:

- Коммуникативтік тәсіл – Zoom арқылы жұптық сөйлесу, рольдік диалогтар ұйымдастырылды;
- Тапсырмаға негізделген оқыту – мәтіндік және бейнежоба түріндегі тапсырмалар орындалды (мысалы, «Менің қалам туралы видео»);
- Аралас оқыту – Moodle және Google Classroom арқылы теориялық материал беріліп, сабақтың практикалық бөлігі онлайн өтті;
- «Аударылған сынып технологиясы» – студенттер алдын ала бейнесабақ көріп, кейінгі Zoom-сессияда талқылау мен жаттығулар орындады.

Бақылау тобында оқыту дәстүрлі онлайн форматта өтті (дәріс + жаттығулар + тест).

3) Қорытынды өлшеу

**Нәтижелер мен талқылау.** Қазақ тілін қашықтан оқыту үдерісінде тиімді әдістер мен интерактивті құралдарды тәжірибелік тұрғыда тексеру зерттеудің негізгі кезеңі болды. Бұл бөлімде коммуни-

кативті, тапсырмаға негізделген оқыту, аралас оқыту және аударылған сынып технологиясы тәсілдерінің оқу нәтижелеріне әсері нақты деректер негізінде қарастырылады. Алынған нәтижелер теориялық бөлімде қарастырылған коммуникативтік және тапсырмаға негізделген оқыту тәсілдерінің тиімділігін тәжірибелік тұрғыда растайды.

*2 кесте* – Қазақ тілін қашықтан оқыту нәтижелері

| Дағдытүрі | Эксперименттік топ | Бақылау тобы | Айырмашылық (балл) |
|---|---|---|---|
| Сөйлеу дағдысы | | | |
| Бастапқы орташа балл | 60,8 | 61,2 | — |
| Қорытынды орташа балл | 83,5 | 70,1 | 22,7 |
| Тыңдалым түсінігі | | | |
| Бастапқы орташа балл | 62,4 | 63,0 | — |
| Қорытынды орташа балл | 81,9 | 71,0 | 19,5 |
| Жазу дағдысы (Writing) | | | |
| Бастапқы орташа балл | 61,0 | 62,5 | — |
| Қорытынды орташа балл | 82,1 | 69,3 | 21,1 |
| Лексикалық байлық | | | |
| Бастапқы орташа балл | 61,5 | 62,0 | — |
| Қорытынды орташа балл | 83,2 | 70,9 | 21,7 |
| Жалпы орташа көрсеткіш | 61,4 → 82,7 | 62,1 → 70,3 | 12,4 |

Эксперимент нәтижелері қазақ тілін қашықтан оқытуда интерактивті әдістер мен цифрлық құралдарды жүйелі қолданудың тиімділігін айқын көрсетті. Кестеден көріп отырғанымыздай, эксперименттік топта барлық тілдік дағдылар бойынша айқын айырмашылық байқалды. Ең жоғары нәтижені сөйлеу дағдысы көрсетті (60,8-ден 83,5 баллға дейін). Сөйлеу дағдысының айтарлықтай жоғарылауы студенттердің синхронды коммуникацияға тұрақты түрде тартылуымен байланысты болды. Zoom платформасындағы интерактивті диалогтар, рөлдік ойындар және виртуалды топтық бөлмелердегі (breakout rooms) жұптық тапсырмалар студенттердің тілдік тосқауылын төмендетіп, қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыруға ықпал етті. Тұрақты ауызша тәжірибе студенттердің коммуникативтік сенімділігін арттырып, олардың сөйлеу белсенділігін күшейтті. Мұндай қорытындылар [19, 330-331 б] зерттеуінде де расталған, онда виртуалды бөлмелердегі топтық жұмыс студенттердің өзара әрекеттесуін және өздігінен оқуға бейімділігін арттырғаны көрсетілген.

Статистикалық талдау нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды көрсеткіштері арасында мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($p < 0,05$). Эксперименттік топтың жалпы орташа көрсеткіші 61,4-тен 82,7-ге дейін өссе, бақылау тобында бұл көрсеткіш 62,1-ден 70,3-ке дейін ғана артты. Бұл интерактивті әдістер мен цифрлық платформаларды жүйелі қолданудың оқу нәтижелеріне оң әсер еткенін дәлелдейді.

Тыңдалым түсінігі мен лексикалық байлықтағы нәтижелердің айырмашылығы (тиісінше 19,5 және 21,7 балл) аралас оқыту және аударылған сынып үлгілерін қолданумен тығыз байланысты. Аралас оқыту моделі арқылы студенттер теориялық материалды Moodle және Google Classroom платформаларында алдын ала меңгеріп, онлайн сабақ барысында практикалық тапсырмалар орындады. Бұл оқу материалын терең түсінуге мүмкіндік беріп, тыңдалым көрсеткішінің 62,4-тен 81,9 баллға дейін жоғарылауына әсер етті. «Аударылған сынып» технологиясында студенттер бейнесабақтарды алдын ала қарап, Zoom сессияларында талдау және пікірталас жұмыстарын орындады. Мұндай формат студенттердің өздік оқу белсенділігін арттырып, лексикалық қордың 61,5-тен 83,2 баллға дейін өсуіне ықпал етті. Бұл тәсілдерде студенттер оқу материалының бір бөлігін алдын ала бейнематериал арқылы меңгеріп, сабақ барысында талқылау мен «Jigsaw» әдісіне негізделген тапсырмалар орындады. Мұндай тәжірибе студенттердің материалды өз бетімен талдау және мазмұнды терең түсіну қабілетін арттырды. Бұл қорытынды [20, 15-16 б] зерттеуіндегі деректермен сәйкес келеді, онда «Jigsaw» тәсілінің сөздік қорды кеңейту мен мәтінді түсінуді арттырудағы тиімділігі дәлелденген.

Жазу дағдысының нәтижелері де айтарлықтай жақсарған (айырмашылық 21,1 балл). Бұл Moodle платформасындағы веб-интерактивті тапсырмаларды орындау және форумдарда өзара пікір алмасу тәжірибесімен түсіндіріледі. Студенттер бір-бірінің жазбаларын талдап, түзету мен кері байланыс жасау арқылы жазу сауаттылығын жетілдірді. Мұндай өзара әрекет білімнің терең және ұзақ мерзімді есте сақталуын қамтамасыз еткені [20, 15-16 б] зерттеуінде де көрсетілген.

Лексикалық көрсеткіштердің жоғарылауы Quizlet және Kahoot платформаларындағы интерактивті жаттығулармен байланысты болды. Визуалды элементтер, қайталамалы тапсырмалар және ойын формасындағы жаттығулар жаңа сөздерді ұзақ мерзімді есте сақтауға ықпал етті. Сонымен қатар бәсекелестік элементтері студенттердің оқу мотивациясын күшейтіп, тапсырмаларды белсенді орындауға ынталандырды.

Ал, Kahoot! және Quizlet платформалары арқылы өткізілген ойын форматындағы квиздер студенттердің уәждемесін арттырып, материалды есте сақтау деңгейін күшейтті. Бұл тәсіл сабақтағы

белсенді қатысу мен бәсекелестік ортаны қалыптастырды. Мұндай қорытындылар квиздік және ойын элементтері бар оқытудың тиімділігін дәлелдеген халықаралық зерттеулермен толық сәйкес келеді [21, 95 б].

Бұл нәтижелер қазіргі зерттеулердегі цифрлық интерактивті платформалардың оқу мотивациясы мен белсенділікті арттырудағы тиімділігі туралы тұжырымдармен сәйкес келеді [15; 18, 9 б]. Сонымен қатар, соңғы ғылыми еңбектерде қашықтан оқыту тек техникалық формат ретінде емес, интерактивті педагогикалық орта ретінде қарастырыла бастады [10, 18-19 б].

Нәтижелерді талдау интерактивті әдістердің тиімділігі тек технологиялық құралдарды қолданумен ғана емес, студенттердің белсенді тілдік әрекетке тартылуымен байланысты екенін көрсетті. Қатысушылардың тұрақты коммуникациялық тәжірибеге қатысуы, жедел кері байланыс алуы және бірлескен тапсырмалар орындауы олардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын арттырды.

Сонымен қатар студенттердің кері байланысы (анкета нәтижелері бойынша):

- 87% – интерактивті тапсырмалар сабаққа қызығушылықты арттырғанын көрсетті;
- 81% – топтық жұмыстар мен Kahoot викториналары тілдік белсенділікті арттырған;
- 76% – бейнежобалар мен flippedclassroom форматы арқылы материалды жақсы есте сақтағанын айтқан.

Жүргізілген эксперимент нәтижесінде келесі педагогикалық тұжырымдар жасалды:

1. Интерактивті әдістер қазақ тілін қашықтан оқытуда оқушылардың белсенділігін, ынтасын және танымдық қызығушылығын едәуір арттырады.
2. Коммуникативті және тапсырмаға негізделген оқыту тәсілдері оқушылардың сөйлеу және тыңдалым дағдыларын дамытудың ең тиімді құралдары ретінде танылды.
3. Аралас оқыту және аударылған сынып технологиясы модельдері студенттердің дербес оқу дағдыларын нығайтады және уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.
4. Интерактивті платформалар (Google Classroom, Zoom, Kahoot, Quizlet) оқу үдерісін бақылау, бағалау және кері байланыс құралы ретінде жоғары нәтижелілік көрсетті.
5. Қазақ тілін оқытуда мұндай технологиялар жүйелі түрде қолданылса, тіл үйренушілердің функционалдық сауаттылығы мен коммуникативтік құзыреттілігі тұрақты дамиды.

Эксперимент қазақ тілін қашықтан оқытуда инновациялық педагогикалық тәсілдерді тиімді енгізудің нақты дәлелі болды. Сондықтан мұндай тәсілдер тек жоғары оқу орындарында ғана емес, жалпы орта білім беруде де қазақ тілін оқытудың жаңа стандартына айналуы тиіс.

Эксперимент нәтижелері интерактивті әдістердің тиімділігін дәлелдегенімен, зерттеу барысында белгілі бір ұйымдастырушылық және технологиялық қиындықтар да анықталды. Осыған орай, келесі кестеде қазақ тілін қашықтан оқытудағы интерактивті құралдарды қолданудың артықшылықтары мен шектеулері салыстырмалы түрде берілді.

Алынған нәтижелер қазіргі зерттеулердегі интерактивті оқыту құралдарының тиімділігі туралы ғылыми тұжырымдарды растайды [15; 18, 9 б]. Егер ертеректегі зерттеулерде қашықтан оқыту көбіне техникалық мүмкіндік ретінде қарастырылса, қазіргі еңбектерде оның студенттердің мотивациясы мен коммуникативтік белсенділігіне әсері басты назарға алынуда [10, 19 б].

*3 кесте* – Қазақ тілін қашықтан оқытуда интерактивті құралдарды қолданудың артықшылықтары мен шектеулері

| Артықшылықтары | Шектеулері: |
|---|---|
| Оқушыларға әр түрлі форматтағы (видео, аудио, квиз, форум) материалдар ұсынып, оқытушы-оқушы және оқушы-оқушы арасындағы өзара әрекетті күшейту. | Технологиялық инфрақұрылымның шектеулілігі (интернет, құрылғылар) қазақ тілін оқытуға қиындық тудыруы мүмкін. |
| Оқушыға икемді уақыт пен кеңістік ұсынылады, бұл әсіресе қашықтан оқыту жағдайында тиімді. | Оқытушының педагогикалық-әдістемелік дайындығы қажет: құралдарды тек қолдану емес, дұрыс тапсырма жоспарлау, тілдік мақсатқа бағыттау маңызды. |
| Тілді меңгерудің коммуникативтік, міндеттік бағыттары (мысалы, Quizlet арқылы лексика жаттау, Kahoot! арқылы жедел бағалау) нығаяды. | Кейбір зерттеулер бойынша ойын-негізіндегі құралдардың (Kahoot! т.б.) әсері әрдайым тұрақты емес, контекстке, тапсырмаға, оқушы деңгейіне тәуелді [18, 9 б]. |

Жүргізілген зерттеу қазақ тілін қашықтан оқытуда интерактивті әдістер мен құралдарды мақсатты әрі жүйелі қолдану студенттердің тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Эксперимент нәтижелері коммуникативті, тапсырмаға негізделген оқыту,аралас оқыту және аударылған сынып технологиясы тәсілдерінің тиімділігін нақты дәлелдеп, оқу мотивациясы мен белсенділікті арттыруда шешуші рөл атқаратынын анықтады. Бұл тәсілдер мен құралдардың үйлесімді қолданылуы қазақ тілін үйрету үдерісін белсенді, интерактивті және нәтижеге бағытталған форматқа көшіруге мүмкіндік береді.Алынған нәтижелер бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда бірқатар

ерекшеліктерді көрсетеді. Мысалы, алдыңғы зерттеулерде интерактивті құралдардың әсері көбіне жалпы сипатта қарастырылса, бұл зерттеуде олардың нақты тілдік дағдыларға (сөйлеу, тыңдалым, жазу, лексика) ықпалы сандық көрсеткіштер арқылы дәлелденді. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы зерттеулер интерактивті платформалардың мотивацияға әсерін атап өтсе, бұл жұмыста олардың оқу нәтижелеріне тікелей ықпалы тәжірибелік түрде нақтыланды.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері қазақ тілін қашықтан оқыту үдерісінде тиімді әдістер мен интерактивті құралдарды дұрыс таңдау мен қолданудың маңыздылығын айқын көрсетті.Қашықтан оқыту форматы білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеу, ақпаратты талдау және коммуникациялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Эксперименттік жұмыс нәтижесінде коммуникативті, тапсырмаға негізделген оқыту, аралас оқыту және аударылған сынып технологиясы сияқты әдістердің тиімділігі дәлелденді. Бұл тәсілдер оқушылардың белсенді қатысуын арттырып, қазақ тілінде сөйлеу, тыңдау және жазу дағдыларын дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, Google Classroom, Moodle, Kahoot, Quizlet және Zoom сияқты интерактивті платформалар оқу процесін жандандырып, оқытушы мен білім алушы арасындағы кері байланысты нығайтты.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қашықтан оқыту жағдайында қазақ тілін үйретудің сапасын арттыру үшін заманауи педагогикалық тәсілдер мен цифрлық құралдарды кешенді түрде пайдалану қажеттігін дәлелдейді.Бұл бағыттағы жұмыс мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін жетілдірумен және әдістемелік тәжірибені тұрақты түрде жаңартумен тығыз байланысты.

### ӘДЕБИЕТТЕР:


1 **Greener S. Exploring remote distance learning: what is it and should we keep it?** [Text] / S. Greener // Interactive Learning Environments. – 2021. – Vol. 29, No. 1. – P. 1-2. – DOI: 10.1080/10494820.2021.1848506.

2 **Li K. C., Wong B. T. M., Chan H. T. Teaching and learningin novations for distance learning in the digital era: a literature review** [Text] / K.C. Li, B.T.M. Wong, H.T. Chan// Frontiers in Education. – 2023. – Vol. 8. – Article 1198034. – P. 1-14. – DOI: 10.3389/feduc.2023.1198034.

3 **Аубакиров Н.М., Долгополова А.А. Применение Метода Communicative Language Teaching на занятиях по казахскому языку в русскоязычных группах** [Текст] / Н.М. Аубакиров, А.А. Долгополова // Высшее образование в России. – 2018. – № 8-9. – С. 152-158. – DOI: 10.31992/0869-3617-2018-27-8-9-152-158.

4 **Білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі» пәнін (Т1) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-9-сыныптар).** – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 288 б.

5 **Қошанова Ж.Т., Ахметова Т.А. Қазақ тілін деңгейлеп меңгертуге бағытталған тапсырмалар жүйесінің сипаттамасы** [Мәтін] / Ж.Т. Қошанова, Т.А. Ахметова // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – Т. 145, № 4. – С. 188-196. – DOI: 10.32523/2616-678X-2023-145-4-188-196.

6 **Dauletbayeva L.K. «Flipped Classroom» technology in foreign language teaching** [Text] / L.K. Dauletbayeva // Bulletin of Manash Kozybayev North Kazakhstan University. – 2020. – № 1(46). – С. 152-155.

7 **Kenzhe A., Bitemirova A., Ualikhanova B., Baitursyn S., Zhorabekova A. Integrated teaching methodology in the development of foreign language professional communicative competence on the discipline "Organic Chemistry" at Kazakhstan University** [Text] / A. Kenzhe, A. Bitemirova, B. Ualikhanova, S. Baitursyn, A. Zhorabekova // Frontiers in Education. – 2025. – Vol. 10. – – P. 1-10. – DOI: 10.3389/feduc.2025.1374165.

8 **Zhou Q., Zhang H., Li F. The Impact of Online Interactive Teaching on University Students' Deep Learning — The Perspective of Self-Determination** [Text] / Q. Zhou, H. Zhang, F. Li // Education Sciences. – 2024. – Vol. 14. – No 6. – Article 664. – P. 1-23. – DOI: 10.3390/educsci14060664.

9 **Ismat I., Azizah S.N. Distance learners' needs on interactivity in SMSbased learning system** [Text] / I. Ismat, S.N. Azizah // Asian Social Science. – 2012. – Vol. 8. – No 11. – P. 119-128. – DOI: 10.5539/ass.v8n11p119.

10 **Kerimbayev N., Umirzakova Z., Shadiev R., et al. A student-centered approach using modern technologies in distance learning: a systematic review of the literature** [Text] / N. Kerimbayev, Z. Umirzakova, R. Shadiev, et al. // Smart Learning Environments. – 2023. – Vol. 10. – Article 61. – P. 1-28. – DOI: 10.1186/s40561-023-00280-8.

11 **Yu R., Cai X. Impact of immediacy of feedback on continuous intentions to use online learning from the student perspective** [Text] / R. Yu, X. Cai // Frontiers in Psychology. – 2022. – Vol. 13. – Article 865680. – P. 1-13. – DOI: 10.3389/fpsyg.2022.865680.

12 **Simonova I., Faltynkova L., Kostolanyova K., Klimszova S. Re-thinking the online distance instruction based on students' feedback** [Text] / I. Simonova, L. Faltynkova, K. Kostolanyova, S. Klimszova // Journal of Computing in Higher Education. – 2023. – Vol. 35. – No 1. – P. 6-39. – DOI: 10.1007/s12528-022-09332-3.

13 **Qaddumi H.A., Smith M. Implementation of Learning Management Systems (Moodle): effects on students' language acquisition and attitudes towards learning English as a foreign language** [Text] / H.A. Qaddumi, M. Smith // Trends in Higher Education. – 2024. – Vol. 3. – P. 260-272. – DOI: 10.3390/higheredu3020016.

14 **Salazar M.A., Guzmán M.L.B., Cox M.F.P., Torres P.M.S., Dela M.J.L., Figueroa V.M.V., Rivera M.W.L. Use of the Moodle platform in English language learning in a public university** // Migration Letters. – 2024. – Vol. 21 (S2). – P. 427-441. – [Electronic resource] URL: https://migrationletters.com/index.php/ml/article/view/6630 (accessed 10.04.2026).

15 **Özdemir O., Seçkin H. Quantifying cognitive and affective impacts of Quizlet on learning outcomes: a systematic review and comprehensive meta-analysis** // Frontiers in Psychology. – 2024. – Vol. 15. – Article 1349835. – DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1349835.

16 **Aidoune Y., Nordin N.R.M., Kaur M., Singh P.S. Effect of online English learning game 'Kahoot' on L2 undergraduate learners in a Malaysian university** [Text] / Y. Aidoune, N.R.M. Nordin, M. Kaur, P.S. Singh // Journal of Intercultural Communication. – 2022. – Vol. 22. – No. 3. – P. 13-18. – DOI: 10.36923/jicc.v22i3.66.

17 **Allran J., Russell M., Tantong K., Becker J. The effectiveness of Kahoot, Quizlet, and Flipgrid in online ESL teaching** [Text] / J. Allran, M. Russell, K. Tantong, J. Becker // Proceedings of the 16th International Conference on Humanities and Social Sciences 2021 (IC-HUSO 2021). – 2021. – P. 86-93.

18 **Luo Z. The effectiveness of gamified tools for foreign language learning (FLL): a systematic review** [Text] / Z. Luo // Behavioral Sciences (Basel). – 2023. – Vol. 13. – No 4. – Article 331. – P. 1-15. – DOI: 10.3390/bs13040331.

19 **Masrom U.K., Idris M., Jusoh Z., Shamsuddin W.N.F.W. Adopting interactive content in language education: a review of literature** [Text] / U.K. Masrom, M. Idris, Z. Jusoh, W.N.F.W. Shamsuddin // European Proceedings of Educational Sciences. Embracing Change: Emancipating the Landscape of Research in Linguistic, Language and Literature. – 2023. – Vol. 7. – P. 320-334. – DOI: 10.15405/epes.23097.29.

20 **Yang L. An "Interactive Learning Model" to enhance EFL students' lexical knowledge and reading comprehension** [Text] / L. Yang // Sustainability. – 2023.– Vol. 15.– Article 6471. – P. 1-18. – DOI: 10.3390/su15086471.

21 **Zhang M., Wang J. Research on language teaching models under the background of new generation information technology** [Text] / M. Zhang, J. Wang // Pacific International Journal. – 2024. – Vol. 7. – No 2. – P. 93-97. – DOI: 10.55014/pij.v7i2.573.

## REFERENCES:

1 **Greener S. Exploring remote distance learning: what is it and should we keep it?** Interactive *Learning Environments*, 2021, 29(1), pp. 1–2. https://doi.org/10.1080/10494820.2021.1848506

2 **Li K.C., Wong B.T.M., Chan H.T. Teaching and learning innovations for distance learning in the digital era: a literature review.** *Frontiers in Education*, 2023, 8, art. 1198034. DOI: https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1198034

3 **Aubakirov N. M., Dolgopolova A. A. Primenenie metoda Communicative Language teaching na zanyatiyah po kazahskomu yazyku v russkoyazy'chny'h gruppah** [Application of the communicative language teaching method in teaching Kazakh language to Russian-speaking groups]. *Vy'sshee obrazovanie v Rossii*, 2018, (8–9), pp. 152–158. https://doi.org/10.31992/0869-3617-2018-27-8-9-152-158 (In Russian)

4 **Bilim maznunyn zhanartu ayasynda «Kazak tili» panin (T1) okytu bojynsha adistemelik usynymdar (5–9-synyptar)** [Methodological recommendations for teaching the subject "Kazakh language" (T1) within the framework of content renewal (Grades 5–9)]. Y. Altynsarin National Academy of Education, Nur-Sultan, 2019, 288 p. (In Kazakh)

5 **Koshanova Zh. T., Akhmetova T. A. Kazak tilin dengeilep mengertuge bagyttalgan tapsyrmalar shuiesinin sipattamasy** [Description of the system of tasks aimed at level-based mastery of the Kazakh language]. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 2023, vol. 145, no. 4, pp. 188–196. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-188-196 (In Kazakh)

6 **Dauletbayeva L. K. "Flipped Classroom" technology in foreign language teaching.** *Bulletin of Manash Kozybayev North Kazakhstan University,* 2020, 1(46), pp. 152–155.

7 **Kenze A., Bitemirova A., Ualikhanova B., Baitursyn S., Zhorabekova A. Integrated teaching methodology in the development of foreign language professional communicative competence in the discipline "Organic Chemistry" at a Kazakhstan university.** *Frontiers in Education*, 2025, 10. https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1374165.

8 **Zhou Q., Zhang H., Li F. The impact of online interactive teaching on university students' deep learning: the perspective of self-determination.** *Education Sciences*, 2024, 14(6), art. 664. https://doi.org/10.3390/educsci14060664.

9 **Ismat I., Azizah S. N. Distance learners' needs on interactivity in SMS-based learning system.** *Asian Social Science*, 2012, 8(11), pp. 119–128. https://doi.org/10.5539/ass.v8n11p119.

10 **Kerimbayev N., Umirzakova Z., Shadiev R., et al. A student-centered approach using modern technologies in distance learning: a systematic review of the literature.** *Smart Learning Environments*, 2023, 10, art. 61. https://doi.org/10.1186/s40561-023-00280-8.

11 **Yu R., Cai X. Impact of immediacy of feedback on continuous intentions to use online learning from the student perspective.** *Frontiers in Psychology*, 2022, 13, art. 865680. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.865680.

12 **Simonova I., Faltynkova L., Kostolanyova K., Klimszova S. Re-thinking the online distance instruction based on students' feedback.** *Journal of Computing in Higher Education*, 2023, 35(1), pp. 6–39. https://doi.org/10.1007/s12528-022-09332-3.

13 **Qaddumi H.A., Smith M. Implementation of learning management systems (Moodle): effects on students' language acquisition and attitudes towards learning English as a foreign language.** *Trends in Higher Education*, 2024, 3, pp. 260–272. https://doi.org/10.3390/higheredu3020016.

14 **Salazar M. A., Guzmán M. L. B., Cox M. F. P., Torres P. M. S., Dela M. J. L., Figueroa V. M. V., Rivera M. W. L. Use of the moodle platform in English language learning in a public university.** *Migration Letters*, 2024, 21(S2), pp. 427–441. Available at: https://migrationletters.com/index.php/ ml/article/view/6630 (accessed 10 April 2026).

15 **Özdemir O., Seçkin H. Quantifying cognitive and affective impacts of Quizlet on learning outcomes: a systematic review and comprehensive meta-analysis.** *Frontiers in Psychology*, 2024, 15, art. 1349835. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1349835.

16 **Aidoune Y., Nordin N. R. M., Kaur M., Singh P. S. Effect of online English learning game 'Kahoot' on L2 undergraduate learners in a Malaysian university.** *Journal of Intercultural Communication*, 2022, 22(3), pp. 13–18. https://doi.org/10.36923/jicc.v22i3.66.

17 **Allran J., Russell M., Tantong K., Becker J. The effectiveness of Kahoot, Quizlet, and Flipgrid in online ESL teaching.** *Proceedings of the 16th International Conference on Humanities and Social Sciences 2021* (IC-HUSO 2021), 2021, pp. 86–93.

18 **Luo Z. The effectiveness of gamified tools for foreign language learning (FLL): a systematic review.** *Behavioral Sciences (Basel),* 2023, 13(4), art. 331. https://doi.org/10.3390/bs13040331.

19 **Masrom U. K., Idris M., Jusoh Z., Shamsuddin W. N. F. W. Adopting interactive content in language education: a review of literature. European Proceedings of Educational Sciences.** *Embracing Change: Emancipating the Landscape of Research in Linguistic, Language and Literature,* 2023, 7, pp. 320–334. https://doi.org/10.15405/epes.23097.29.

20 **Yang L. An "Interactive Learning Model" to enhance EFL students' lexical knowledge and reading comprehension.** *Sustainability,* 2023, 15, Article 6471. https://doi.org/10.3390/su15086471.

21 **Zhang M., Wang J. Research on language teaching models under the background of new generation information technology.** *Pacific International Journal*, 2024, 7(2). https://doi.org/10.55014/pij.v7i2.573.

***Сведения об авторах:***

*Стамқұлова Жанерке Елуқызы* – Филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғ, 71, тел.: +77752996343, e-mail: stamkulova.zhanerke3@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0008-9353-2976.*

*Күркебаев Кенжетай Құрманбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғ, 71, e-mail: kurkebaevk@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7495-5262.*

*Сәткенова Жайна Бағашарқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғ, 71, e-mail: jaina1978@mail.ru; ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7842-0978.*

*Стамкулова Жанерке Елуовна* – докторант 2 курса факультета филологии и мировых языков, Аль-Фараби Казахский национальный университет, Республика Казахстан, 050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби 71, тел.: +77752996343, e-mail: stamkulova.zhanerke3@gmail.com, ORCID:* https://orcid.org/0009-0008-9353-2976.

*Куркебаев Кенжетай Курманбаевич – кандидат филологических наук, доцент кафедры филологии, Аль-Фараби Казахский национальный университет, Республика Казахстан, 050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби 71, e-mail: kurkebaevk@gmail.com; ORCID:* https://orcid.org/0000-0001-7495-5262.

*Саткенова Жайна Багашаровна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Аль-Фараби Казахский национальный университет, Республика Казахстан, 050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби 71, e-mail: jaina1978@mail.ru; ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7842-0978.*

*Stamkulova Zhanerke Yeluovna* – 2nd-year PhD student, Faculty of philology and world languages, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, 050040, Almaty, 71 Al-Farabi Ave., tel.: +7775299 63 43; e-mail: stamkulova.zhanerke3@gmail.com; ORCID: https://orcid.org/0009-0008-9353-2976.*

*Kurkebayev Kenzhetay Kurmanbayevich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, 050040, Almaty, 71 Al-Farabi Ave., e-mail: kurkebaevk@gmail.com; ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7495-5262.*

*Satkenova Zhaina Bagasharovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, 050040, Almaty, 71 Al-Farabi Ave., e-mail: jaina1978@mail.ru; ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7842-0978.*

МРНТИ 31.01.45
УДК 372.854
https://doi.org/10.52269/SKVC2622286

## МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ УСТОЙЧИВЫХ, ОСОЗНАННЫХ ЗНАНИЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХИМИИ

*Таурбаева Г.У. – кандидат химических наук, ассистент профессора, кафедра естественно-научных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

*Тулебаева Б.Б. – кандидат химических наук, ассистент профессора, кафедра естественно-научных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

*Ергалиева Э.М.* – PhD, ассистент профессора, кафедра естественно-научных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

*Статья посвящена формированию устойчивых и осознанных знаний у будущих учителей химии. В совершенствовании деятельности школ и обеспечении качества обучения учащихся ключевую роль играет учитель. Результаты международных исследований подтверждают, что качественная трансформация системы образования достигается усилиями педагогов, обладающих необходимыми профессиональными качествами, практическими компетенциями и системным пониманием образовательных процессов. В данной работе представлен опыт преподавания в педагогическом вузе по формированию у будущих учителей глубоких предметных знаний, основанных на фундаментальных теориях и законах химии. В связи с этим задачами исследования являются: анализ современного состояния проблемы и описание методик изложения отдельных вопросов курса химии. Данные методики, разработанные на основе собственного опыта, позволяют глубже раскрыть содержание учебного материала. Они используются в преподавании дисциплин «Неорганическая химия» и «Новые подходы к обучению и оцениванию в школе», а также предлагаются студентам для применения во время прохождения педагогической практики. Для оценки эффективности разработанной методики проведен сравнительный анализ академической успеваемости студентов за период 2022-2025 гг., выявивший статистически значимый рост сформированности глубоких предметных знаний у обучающихся ($\chi^2$ = 8,54, p $<$ 0,05), выразившийся в увеличении доли высокого уровня успеваемости с 12,5% до 35,7%.*

***Ключевые слова:*** *осознанность знаний, методика преподавания, предметные компетенции, механизмы химических процессов, мыслительные навыки.*

## БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНДЕ ТҰРАҚТЫ, САНАЛЫ БІЛІМ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСТАР

*Таурбаева Г.У. – химия ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, жаратылыстану-ғылыми пәндер кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

*Тулебаева Б.Б. – химия ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, жаратылыстану-ғылыми пәндер кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

*Ергалиева Э.М.* – PhD, профессор ассистенті, жаратылыстану-ғылыми пәндер кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

*Мақала болашақ химия пәні мұғалімдерінде тұрақты, саналы білім қалыптастыру сұрақтарына арналған. Мектептер қызметін жетілдіруде және оқушылардың білім алуының сапалы болуын қамтамасыз етуде мұғалім басты рөл атқарады. Білім беру саласындағы халықаралық зерттеулер нәтижелері сәйкес кәсіби қабілеттіліктері, қажетті құзіреттіліктері бар және оқыту мен білім алу процестері туралы көзқарастық түсінігі бар мұғалімдер өсіп келе жатқан ұрпақты оқы-*